Önceleri ticaretle uğraşan yabancılar için kullanılan bu kelime, XIV-XV. yüzyıllarda tarih sahnesine çıkan ve Orta Asya ile Sır Derya bölgesinde de büyük yankı uyandıran Nakşibendî tarikatına giren insanlar için de kullanılmıştır gibi görüş vardır. Bu dini akım esas olarak, Soğd-Tacik halklarının maneviyatından ileri gelen ve yerli halkın, tüccarın, esnafın ve zanaatkarın ihtiyaçlarını karşılayan, onlara yönelik bir akımdı. Sır Derya bölgesinde de XV. yüzyılda hızlı bir şekilde büyüyen ve yerli Türk ahlâk ve ananelerine dayalı eski Yesevi tarikatı veya Yesevilik akımı ile yer yer çatışmaya başlamıştır. Bu dönemde Nakşibendi akımına katılan Özbek ve Kazaklara da “Sart” dendiği söylenmektedir(15).

**E) Yahudiler:** Türkistan’daki diğer bir Türk olamayan unsur Yahudilerdir. Aynı zamanda bunlara “Buhârâ Yahudileri” de denmektedir. Bunların 1916 yılındaki sayısı 26000 civarında olup, Semerkant, Buhârâ, Türkmenistan ve Fergana’da yaşıyorlardı. Daha çok Mâverâünnehr’de yaşadıklarını bildiğimiz bu etnik unsurdan bahsetme sebebimiz, Sır Derya bölgesinin coğrafi açıdan Mâverâünnehr’in bir cephesini temsil etmesi ve dolayısıyla Mâverâünnehr’de vuku bulan her türlü olayların Sır Derya bölgesine de yansımından dolayıdır. Sır Derya bölgesinde çoğunluk olarak yaşamadı iseler de, Yahudiler XX. yüzyılın başlarına kadar Taşkent’in en önemli pamuk ticaretini ellerinde bulundurmuştur. Tarihçesine gelince, bunlar Türkistan’da İslâmiyet’in buralara gelişinden öncede yaşıyorlardı. Kendi inançlarına göre bunlar Asurî padişahları tarafından esir edilerek Horasan’a sevk edilen Yahudilerin torunlarıdır. Haklarında kaynaklarda pek bilgi bulunmayan bu halk hakkında H. Kurt bunların bir kısmının Babil Yahudilerinin, az bir kısmının ise İran Yahudilerinin torunları olabileceğini söylüyor. Çoğu kaynaklar Yahudilerin bu bölgede varlıklarından haber veriyorlarsa da ayrıntılı bilgi vermemektedir(16).

Ancak şurası açıktır ki, her yerde olduğu gibi Yahudiler Türkistan’ın da ticaret hayatında mühim rol oynamışlardır. Bunların İpek yolu güzergâhındaki Sır Derya şehirlerinde de sıklıkla buldukları da bir gerçektir. Türkler arasında Musevilğin yayılmasında diğer dinlerde de olduğu gibi, tüccarların büyük etkisi olmuştur. Sır Derya bölgesindeki dini akımlar arasında Musevilik büyük öneme sahip olmasa da, Türkler arasında bu dini kabul edenlerin olduğunu biliyoruz.

Bunların arasında Hazar Türkleri ile Kumanlar da vardır(17).

**F) Tatarlar:** Türkistan'ın etnik yapısı konusunda, bilgilerinden istifade ettiğimiz Kaşgarlı Mahmud eserinde halis Türk olamayan kavimler arasında Tatarları da zikretmektedir. Bilindiği üzere Orhun yazıtlarında da adı geçen bu isim daha sonra Moğollar için kullanılmıştır. Kaşgarlı Mahmud'un eserinde halis Türk olmadıkları söylenen kavimler arasında geçen Yabakular da Moğol soyundan olabilir. Eğer böyle ise, Moğollardan bazıları daha müellifin zamanında batıya ilerleyerek her tarafta Türklerin yaşadıkları yerleri işgal etmişlerdi diyebiliriz. X. yüzyılın başlarında Moğol kavimlerinden olan Kıtayların kuvvetlenmesi ve Karahanlı Devleti'nin yıkılmasına sebep olan doğudan batıya vukubulan kavimler göçü beraberinde bu bölgelere değişik etnik unsurlar da getirmiştir. Kara Kıtaylar da bu kabiledendir. Sır Derya bölgesinin de kısmen Karahanlı idaresi altında bulunduğunu hatırlarsak, bu etnik grubun da konumuzla alakalı olduğunu görürüz.

Türkistan'ın etnik yapısı ve oluşumu bakımından belli bölgelerin rolü mühimdir. Sır Derya bölgesi de Orta Asya halklarının etnik yapısının oluşumunda önemli yere sahiptir. Sır Derya bölgesinin bu özelliklerine değinen arkeolog S. Tolstov bu gerçeği şöyle özetliyor: “Sır Derya sahili boyunca kurulan şehirlerin araştırılması sonucunda tüm Orta Asya'da vukubulan değişimler ve gelişimler hakkında ip uçları bulunabilir. Yapılan araştırmalar Sır Derya yöresinde yaşayan ve yaşamakta olan halk arasında devam edegelen mevcut medenî-kültürel süreci gösteriyor.

Bu arkeolojik araştırmalar aynı zamanda Sır Derya bölgesinin asıl sakinleri olan Oğuzların, sanıldığı gibi Doğudan göç ederek gelmediğini, eski devirlerden itibaren(İskitler dönemi) bu bölgede yaşadıklarını göstermektedir. Bunlar Z. V. Togan'ın bahsettiği “Kent Türkleri” olmalıdır. Çünkü Z. V. Togan şehircilik konusunda V.Barhold'un görüşünün tam tersin yani, Türklerde şehirciliğin ve medenî hayatın Aryânîler gelmeden önce de olduğunu ileri sürüyor. Buna en güzel örnek şehirlerin adlarının aslen Türkçe olmasıdır. Mesela, Kaşgarlı Mahmud eserinde “Semerkant” isminin aslında Türkçe “Semiz kent” yani zengin, büyük(semiz) şehir anlamına geldiğini belirtmesi gibi bir sürü örnekler verilebilir. Türkistan'ın etnik yapısındaki çalkalanmalar Sır Derya bölgesinde aynen hissedilmiştir. Mesela, Orta Asya halklarının etnik yapısını büyük ölçüde etkileyen değişimler tarih içinde ilk batıdan gelen Aryânîler sebebiyle olmuştur. Bunlar Ahamenid seferleri ve Makedonyalı İskender seferleridir. İkinci çalkalanma ise, doğudan batıya olan kavimler göçü nedeni ile olmuştur. Bunları takiben devam eden akınların arasındaki en etkileyici ve büyük çapta olanı da Moğol İstilâsı olmuştur.

**G) Hocalar:** VIII. yüzyılda Mâverâünnehir'e ulaşan ve buranın medenî

bölgelerine seferler düzenleyen Araplar, Sır Derya ve ötesine tam anlamıyla geçememişti. X-XI. yüzyıllara kadar süren İslâm'ı yayma hareketleri sürecinde dini öğretme amacıyla ve İslâm kültürünü tanıtmaya maksadıyla, Orta Asya ve Sır Derya ötesindeki bozkırlara ve medenî bölgelere “hocalar” gönderilmiştir. İlk başta bunların çoğu Arap kökenli iken, daha sonra İranlı hocalar da bu harekete katılmıştır. Dini öğretme amacıyla bölgenin her köşesine dağılan bu hocalar zamanla oralara yerleşerek, yerli halkla karışmıştır. Sır Derya bölgesine de bu amaçla gelen ve yerleşen bu "öğretmenler" daha sonra “hocalar” adında bir sınıf teşkil etmeye başlamıştır. Halk arasında büyük bir saygı ve itibar gören hocalar “Peygamber soyundan”(Arap oldukları için) olmaları sebebiyle de yerli halktan ayrılmaktadır. Günümüzde Buhârâ, Horasan ve Güney Kazakistan'ın Yesi gibi şehirlerinde “Hoca” zümresi vardır. Bunlar dil ve kültür açısından bazı değişik âdetleri olması dışında, yerli halktan pek farklı değildir. Buna rağmen Kazak halkın oluşturmakta olan üç cüz'e dahil değildirler. Kendilerine de Kazak demiyor; “Hoca”yız diyorlar. Hoca soyundan geldikleri için kendi aralarında evlilik yaparlar(Kazaklardan kız almaz ve kız vermezler). Soylarını koruma gibi bir hassasiyetleri vardır. Bunlar kendi aralarında: Horasanlı Hocalar, Ak Korganlı Hocalar, Diuana(divâne, dilenci) Hocalar ve Karahanlı Hocalar diye birkaç çeşide ayrılırlar. Bunların içinde kendilerini Hoca Ahmed Yesevî soyuna bağlayanları da vardır(18). Bunların dışında Nasab-nâme'den bu bölgede yaşayan ve Peygamberin soyundan geldiklerini söyleyen “Seyid”lerin de olduğunu öğreniyoruz. Bir zamanlar din öğretme amacıyla gelen bir öğretmen iken, Hocalar böylece zamanla bir etnik zümre haline gelmiştir.

**H) Türk-Moğol Karışımı Etnik Gruplar:** Sır Derya bölgesini ve Orta Asya'yı derinden etkileyen Moğol İstilâsı sonrasında bu bölgelerde Moğol asıllı kavimlerin mevcudiyetini görüyoruz. Moğollar Orta Asya'da Türkler'e nispeten sayıca az ve medenî seviyece de aşağıda oldukları için çok geçmeden Türkleşmeye başlamışlardır(18). Böylece daha sonra kurulan Altın Ordu ve ondan ayrılan Kazan, Özbek, Nogay ve diğer Hanlıkların arasında Türk-Moğol karışımı boylar varlıklarını sürdürmüştür. Nayman ve Kereyitler bunlardan bir kaçıdır. Bu gibi kabileler daha sonra oluşan Kazak, Özbek ve Kırgız gibi halklarla bütünleşerek aynı âdet ve örfü paylaşıyorlardı. Sır Derya bölgesinde yaşayan halk arasında Cengiz Han soyundan gelen“Töre”ler vardır. Bu etnik zümrenin bu bölgede bulunmasının başlıca sebebi, Yesi şehrinin tarih boyunca Hanlıkların merkezi olmasından kaynaklanmaktadır. Ayrıca bir çok Kazak hanlarının da mezarları Hoca Ahmed Yesevî türbesinde bulunmaktadır. Bu gün orta ve aşağı Sır Derya bölgesinde yaşayan bu etnik grup ta yukarıda bahsettiğimiz, Hocalar gibi Kazak cüz'üne girmezler ve kazaklarla kan karışımı olmaması için kendi aralarında evlilik yaparlar. Yine de bu günkü Kazak halkın

oluşturan etnik zümrelerden biridir.

**Sonuç** olarak şunu söyleyebiliriz: Sır Derya yöresi çok eski devirlerden beri insanoğlunun yaşadığı bir yer olmuştur. Eski Türk yurdu olduğunu rahatlıkla söyleyebildiğimiz bu topraklar yüzyıllar boyu oluşmuş kendine has kültürel mozayige sahiptir. Ve bu kültürün oluşumunda hem Türklerin hem de diğer etnik unsurarın büyük etkisi olmuştur.

### Kaynakça

- 1 Moldabayeva, D., “Sır Derya” Havzasının Türk Tarihindeki Yeri ve Önemi, Bilig, Güz, sayı 35, Ankara 2005, s. 1-16.
- 2 Konratbayev, T., Erteadaki Eskertkişter, Almatı 1996, s.15.
- 3 Kaşgarlı, Mahmud, Divanü Lügat'it-Türk, çev. Besim Atalay, TDK. yay., 3.bsk., Ankara 1992, s.149.
- 4 Parmaksızoğlu, İ., “Mâverâünnehir” //T.A, 1980 c. XXIII, s. 45.
- 5 Tolstov, S. P., Po Drevnim Deltam Oksa i Yaksarta(*Eski Oxus ve Yaksart havzası*), Moskova 1962, s.175.
- 6 Togan, A. Z.V., Umûmî Türk Tarihine Giriş, 3.bsk., Enderun Kitapevi, İstanbul 1981, s.106.
- 7 Togan, A. Z.V., Bugünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi, İstanbul 1981, s.93.
- 8 Marşak, Boris, “Türkler ve Soğdlular”, Türkler Ansiklopedisi, c. II., Ankara 2000., s.172.
- 9 Marşak, Boris, “Türkler ve Soğdlular”, Türkler Ansiklopedisi, c. II., Ankara 2000., s.173-174.
- 10 Barthold, V.V., İstorya Turkistana, Soçineneya, 1963, c. II, s. 80.
- 11 Togan, A. Z.V., Bugünkü Türkili Türkistan ve Yakın Tarihi, İstanbul 1981, s, 83.
- 12 Kaşkarlı, Mahmud, Divanü Lügat'it-Türk, çev. Besim Atalay, TDK. yay., 3.bsk., Ankara 1992, s.150.
- 13 Togan, A. Z.V., Umûmî Türk Tarihine Giriş, 3.bsk., Enderun Kitapevi, İstanbul, s.100-106.
- 14 Barthold, V.V., Orta Asya Türk Tarihi Hakkında Dersler, haz. K.Y. Koprıman- A. İ. Aka, Ankara 1975, s.
- 15 Jandarbek, Z, “Nasab-Nâme ve türk tarihi”, Dayik press yay., Almatı 2002, s. 28.
- 16 Esin, Emel, “Miladi VII-X Yüzyılda Sır Derya Oğuzlarının Maddî Kültürü Hakkında Notlar”// VIII. Türk Tarihi Kongresi, II.cilt'ten ayrı basılım, Ankara 1981, s. 712-713.

- 17 Tanyu, Hikmet, Tarih Boyunca Yahudiler ve Türkler, c. I., 2. bsk., Bile yay. Ankara 1980, s.15-25.
- 18 Barthold, V.V., Turki, Calın yay., Almatı 1988, s. 26.

### References

- 1 Moldabayeva, D., “Sir Derya” Havzasinin Turk Tarihindeki Yeri ve Onemi, Bilig, Guz, sayi 35, Ankara 2005, s. 1-16.
- 2 Konratbayev, T., Erteadaki Eskertkister, Almatı 1996, s.15.
- 3 Kasgarli, Mahmud, Divanu Lugat'it-Turk, cev. Besim Atalay, TDK. yay., 3.bsk., Ankara 1992, s.149.
- 4 Parmaksizoglu, I., “Maveraunnehir” //T.A, 1980 c. XXIII, s. 45.
- 5 Tolstov, S. P., Po Drevnim Deltam Oksa i Yaksarta(Eski Oxus ve Yaksart havzasi), Moskova 1962, s.175.
- 6 Togan, A. Z.V., Umumi Turk Tarihine Giris, 3.bsk., Enderun Kitapevi, Istanbul 1981, s.106.
- 7 Togan, A. Z.V., Bugunku Turkili Turkistan ve Yakın Tarihi, Istanbul 1981, s.93.
- 8 Marsak, Boris, “Turkler ve Sogdlular”, Turkler Ansiklopedisi, c. II., Ankara 2000., s.172.
- 9 Marsak, Boris, “Turkler ve Sogdlular”, Turkler Ansiklopedisi, c. II., Ankara 2000., s.173-174.
- 10 Barthold, V.V., Istoriya Turkistana, Socineneya, 1963, c. II, s. 80.
- 11 Togan, A. Z.V., Bugunku Turkili Turkistan ve Yakın Tarihi, Istanbul 1981, s, 83.
- 12 Kaskarli, Mahmud, Divanu Lugat'it-Turk, cev. Besim Atalay, TDK. yay., 3.bsk., Ankara 1992, s.150.
- 13 Togan, A. Z.V., Umumi Turk Tarihine Giris, 3.bsk., Enderun Kitapevi, Istanbul, s.100-106.
- 14 Barthold, V.V., Orta Asya Turk Tarihi Hakkinda Dersler, haz. K.Y. Kopraman- A. I. Aka, Ankara 1975, s.
- 15 Jandarbek, Z, “Nasab-Name ve turk tarihi”, Dayik press yay., Almat 2002, s. 28.
- 16 Esin, Emel, “Miladi VII-X Yuzyilda Sir Derya Oguzlarinin Maddi Kulturu Hakkinda Notlar”// VIII. Turk Tarihi Kongresi, II.cilt'ten ayri basilim, Ankara 1981, s. 712-713.
- 17 Tanyu, Hikmet, Tarih Boyunca Yahudiler ve Turkler, c. I., 2. bsk., Bile yay. Ankara 1980, s.15-25.
- 18 Barthold, V.V., Turki, Calın yay., Almatı 1988, s. 26.

*Айдос Шалбаев<sup>1</sup>, Дана Молдабаева<sup>1</sup>, Гулшат Тусупова*

*<sup>1</sup>PhD., ассист.проф., Сүлеймен Демирель атындағы университеті,  
Каскелең, Қазақстан*

*<sup>2</sup> Абердин университеті, Шотландия*

## **СЫРДАРИЯ ОБЛЫСЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ПРОЦЕСІ (VI-XIII Ғ.).**

**Аңдатпа.** Орта Азияда орналастқан түркі тілдес республикалардың орта ғасырлық тарихы, жалпы түркі тарихы тұрғысынан бір тұтас зерттеп-зерделеуді қажет етеді. Орта Азия географиялық тұрғыдан бірнеше аймаққа бөлінеді. Бұл аймақтар өзінің этникалық құрамы, экономикалық және өндірістік құрлымы жағынан ерекшеленеді. Осындай аймақтардың бірі Сырдария аймағы немесе Сыр өңірі. Сыр өңірі сонау ежелгі дәуірлерден бастап адамзат баласының мекеніне айналған. Мұның басты себебі, өмірдің қайнар көзіне айналған Сейхун мен Жейхун дарияларының осы өңірде орналасуында. Сондықтан көрнекті тарихшы З.У. Тоған Сыр өңірін тек отырықшы «қалалық түріктердің» мекені ғана емес, сонымен қатар түрлі этникалық топтар мен мәдениеттердің араласып, өзіндік сырлы сипатқа ие ерекше аймақ екеніне назар аударады. Орта Азияның этникалық қалыптасу үдерісін түсіну үшін, Сыр өңірінің этникалық құрлымының қалыптасу ерекшелігін зерттеудің маңызы зор.

**Түйін сөздер:** Сирдер, түріктер, соғдиялықтар, сартлар, этникалық элемент, ходжалар.

*Aydos Shalbayev<sup>1</sup>, Dana Moldabaeva<sup>1</sup>, Gulshat Tussupova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*PhD., assist.prof., Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*University of Aberdeen, Scotland*

\*e-mail: [aidos.shalbayev@sdu.edu.kz](mailto:aidos.shalbayev@sdu.edu.kz)

## **THE HISTORICAL PROCESS OF ETHNIC FORMATION IN THE SIRDARYA REGION (6TH-13TH CENTURY).**

**Abstract.** There is a vital need to make research in middle age Turkic history, due to the censorship and lack of opportunities in making research during the Soviet period. The central Asian region is divided according to its ethnic structure, and geographical, economic, and cultural features.

The Sirderya is one of the most important regions in Central Asia. It's a place where people began living in ancient times. Seyhun and Ceyhun rivers were regarded as a heart of Central Asia. It was remarked by the middle age sources, that the Sirderya region was one of the centers of ancient cultures and old civilizations. According to Togan's description, it was a place where not only



the settled Turkis people "Kent Turkleri" lived, but also there the different cultures and ethnics were assimilated. (came together) Before analyzing Central Asia's ethical situation, it will be useful to learn the Sirderya region's middle age ethical structure.

**Keywords:** Sır Derya, Turks, Sogdians, Sart, hoja.

*Aldik 2 Haziran 2023*

FTAMP 17.01.11

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v63i2.956>

Нұрбану Камалова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>С.Демирел атындағы университеті, Қаскелең қаласы, Қазақстан

\*e-mail: [211301016@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301016@stu.sdu.edu.kz)

## ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

**Аңдатпа.** Мақалада жазушы Жұмабай Шаштайұлының шығармаларындағы әйелдер образына талдау жасалды. «Аспанқора повесіндегі Ханымкүл образы мен Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанның образына салыстырмалы талдау жасалып, образдардың типологиялық ерекшеліктері, жасалу жолдары анықталды, кейіпкер характерін сомдаудағы автордың мотивтері, ұстанымы анықталды. Аталған повестегі Қаламқас образы және «Кұралайдың салқыны» повесіндегі Қадірсіздің образына талдау жасалып, олардың дәстүрлі қазақ әйелдерінің келбетін сомдайтын типтік бейне екені дәлелденді.

**Түйін сөздер:** проза, повесть, әйелдер образы, типтік бейне, қазақ әйелі

XX ғасырдағы қазақ прозасында ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген, қашан да қиындыққа мойымай, адами биік болмысын сақтап, парасаттылығымен ерекшеленген әйелдер образдары арқылы қазақ әйелдерінің тұтас бір келбеті жасалды деуге болады. Сонымен қатар әйел затының ішкі жан-дүниесін жан-жақты ашуға ұмтылып, қазақ қоғамындағы әйелдер бейнесін өзге қырынан суреттеген авторлардың шығармаларына да, қазақ прозасы, әу бастан кенде емес. Мұндай шығармаларға М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», М.Әуезовтың «Қаралы сұлуы», «Кінәмшіл бойжеткені» сияқты т.б. бірқатар шығармаларды жатқызуға болады. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі әйелдер бейнесін ғалымдарымыз біршама зерттеп, бірқатар еңбектер жазғаны белгілі. Ал Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасындағы әйелдер бейнесі қандай, қазіргі прозадағы әйел образдары қай қырынан көбірек суреттелуде деген мәселе бүгінгі күні өзекті болып отыр. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ прозасында М.Әуезовтың Зересі мен Ұлжанындай биік парасат-пайым иелері болған әйелдердің образдары бар ма, М.Жұмабаевтың Шолпаны тәрізді кейіпкерлер болса, олардың ішкі жан дүниесінің қалтарыстары қаншалықты деңгейде ашылған, жалпы, бүгінгі күндегі қазақ прозасындағы қыз-келіншектеріміз, әйел-аналарымыз оқырманға несімен құнды деген сауалдарға жауап беру – бүгінгі

әдебиеттану саласындағы міндеттердің бірі. Осы міндет тұрғысынан келіп, бүгінгі мақаламызда қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Жұмабай Шаштайұлының «Аспанқора», «Құралайдың салқыны» повестеріндегі әйелдердің образдарын зерттеп-зерделедік.

«Аспанқора» повесіндегі Ханымкүл бейнесі М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі Шолпанды еске түсіреді. Мұның себебі, олардың күнәлі іске баруы және екеуінің де ұзақ уақыт бала сүйе алмауы. Алайда бұлар бір-біріне ұқсас типтік образдар болғанымен, олардың ерекшеліктері көп.

Шолпан – шығармадағы басты кейіпкер, әңгіме Шолпанның күнәлі іске баруындағы себеп-салдарды, психологиялық жай-күйді ашуға құрылған. Оның мұндай қадамға барардағы ішкі жан күйзелісі жан-жақты ашып көрсетілген. Шолпан Құдай қосқан қосағын жан-тәнімен сүйді, алғашында оған адал болды, махаббатына адалдығы сонша, тіпті, қазақ әйелдері үшін өмірдің мәні болған баланы да керек етпеді. Кейіннен бұл махаббатың баянсыздығын, «баласыз үйдің қу мазар» екенін түсінген сәттен бастап, бала сүйе енді оның өмірлік мұратына айналды. Кейіннен оның Әзімбайға бауыр басып қалуының себебі де әңгімеде ашып көрсетіледі. «...Ердің әруағы басса, әйел адамдықтан шығып, жоққа айналады. Есінен айрылады. Тілі байланады. Ол уақытта мұндай әйелдің ердің көнгіш күні болуында еш дау жоқ. Шолпан осындай әйелдің бірі еді. Жанынан денесі, денесінен жаны айрылмайтын. Кімге берілсе де, жан-денесімен түгел берілетін әйел еді. Әзімбайға денесін уақытша беріп, жанын аман алып қаламын деп ойлады. Бірақ ой мен ісі бір-біріне қабыспады»[1]. М.Жұмабаев кейіпкерінің образын аша түсу үшін осындай авторлық баяндаулар арқылы Шолпан күнәсінің себебін психологиялық аспектіден қарастырады.

Ханымкүлге келсек, біріншіден, шығарманың басты тақырыбы – Ханымкүлдің күнәсі емес, Атанның қайсарлығы, атамекен – Аспанқораға деген махаббаты. Содан кейін ерлі-зайыптылық өмірдің алғашқы кезеңдеріндегі екеуара аяулы сезімдерді, ыстық ықыласты тұрмыстауқыметінің қалай өзгертіп, басқа арнаға салып жіберетіндігі шебер суреттелген. Әуелде Ханымкүлдің Атанға деген көңілі түзу болды. Шығарманың басында кейіпкер жағымды образда суреттеледі. «Қараторының әдемісі Ханымкүл қарақаттай тұнық, күлім көзі жайнақ қағып, кісінің ынтығын құртады. Үй мен түздің тіршілігін сылаң қаға шыр айналдырып, дөңгелетіп әкетті...», «...Жаратылысынан ашық-жарқын әйелі сықылықтап күліп, Атанның мойнына асылған сәтте жетегіне еріп кететінін сезбей де қалатын» [2, 6-б.].

Аспанқораға қой бағуға барып, тұрмыс-тіршілік қиындай түскенде Атанның кемдігінің көзге айқын көріне түсуі Ханымкүл екеуінің арасын алшақтата бастайды. Атан жалғыз қолымен шелектегі суды флягтарға құя алмай, кемдігіне налып тұрған сәтте әйелінің ойындағы өзгерісті байқайды: «Үйленгелі бері әйелінің бет-жүзінен мұндай сұмдықты аңғармап еді. Алдындағы тік өрден көз алмай жұқалтаң ернінің қанын

шығаратындай қырқа тістеп алған Ханымкүлдің қарақат көзінде өміріне деген ренішпен аралас, әйел баласына тән астарлы сыр жатқан сияқты. Өткен өмірінің қызуына бой жылытып, қызығына қанып, енді мынау өзінің қол-аяғы балғадай жастық өмірінің нарқын түсірмейтін, бүтіндей басқа харекет аңсаған ұшқын көзінен анық сезіледі» [2, 8-б.]. Ендеше, Ханымкүлді күнәға бастаған – Шолпандікі сияқты «ізгі арман» – бала сүю емес, өзі типтес әйелдерге тән қарапайым пенделік.

Ханымкүл образын ашуда автор көбіне екеуара диалогқа сүйенген. Келіншектің жүрегіндегі ой-арманы, күйеуіне көңілі толмайтындығы және соны жасырмай айтып салатын асау мінезі оның Атанды үнемі өзге ер-азаматтармен салыстыра беруінен көрінеді. Қасымжомартпен ғана емес, әшейінде өзі жаратпайтын Сайлаубаймен де салыстырып, «Сенен Сайлаубай досыңның бір артықшылығы, әйеліне отынды үйіп тастайды» деген сөзді күйеуінің бір қолын соғысқа бергенін біле, көре тұра айтуы – Ханымкүл бейнесін, тіпті, аласартып жібергендей. Ол – көптеген қазақ шығармаларыдағыдай еріне мойынсұнған, дана да, парасатты әйел емес, керісінше, қолайлы сәт туғаннан ерін мұқата сөйлеуге дағдыланып алған, долы әйелге айналған еді. Шығарманың шарықтау шегінде, Шолпан үн-түнсіз күнәсін мойнымен көтеріп, күйеуінің соққысы мен тепкісіне қарсылық көрсетпей көнсе, Ханымкүл «басын сілкіп қалып, күйеуіне тіке, шабына сөйлейді».

« – Неғып тұрсың, ұр, өлтір!», – дейді. Міне, осы ерекшеліктердің бәрі Ханымкүл мен Шолпанның күнәсі бірдей болғанымен, олардың өзіне тән мінезі, өзіне тән ерекше қиаеттері бар екенін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінде қалыптасқан «ары тапталған қазақ қызының адам болып жер басып жүруге қақы жоқ» дейтін қатаң мотив бойынша шығарманы Шолпанның өлімімен аяқтаса, Жұмабай Шаштайұлының шығармасында Ханымкүл басқа күйеуге тиіп, екі бала сүйіп, онымен қоймай, Атан оның сол «бақытты» өмірін өз көзімен көреді. Академик Зейнолла Қабдолов: «Типтендіру проблемасы секілді типтің өзі де тым кесек һәм күрделі нәрсе. Неге десеніз, мінез, бітім, әрекет, ұғым, рух, парасат жағынан байыптап қарасақ, нағыз суреткердің қолынан туған әрбір әдеби тип – әрі әбден жинақталған, сондықтан өзі секілділердің бәріне ұқсайтын жалпы тұлға, әрі әбден дараланған, сондықтан, өзінен өзге ешкімге ұқсамайтын жалқы тұлға» [3,106-б.], – дейді. Біз айтып отырған келіншектер де ел арасында кездесіп жататын типтік бейнелер болғанымен, мінез-құлықтары, ішкі ұстанымдары ерекше дараланған жеке тұлғалар. Рухани бийктікті ішкі ұстанымға қарай өлшеуге болатын болса, Шолпан Ханымкүлге қарағанда жоғары тұрған образ деуге болады. Себебі, Шолпанның бұл іске барардағы мотиві, себеп, сылтауы ашып айтылған. Шолпанды қажеттілік, шарасыздық бұл іске итермелегені нақты суреттелген, ал Ханымкүлде ондай ірі мақсат жоқ. Жоғарыда келтірілген үзінділерге қарап, оның мотиві – көңіл қалауы екенін аңғарамыз.

Осы шығармада едәуір ашылған тағы бір келіншек образы – Атанның Ханымкүлден кейін алған әйелі Қаламқастың бейнесі. Шығармада

Қаламқас портреті «Моңғол кескінді, бүйрек бетті, қысыңқы көзді, дөңгеленген дембелше бетінде әлденеден тосырқау мен жүрексіну бар» жан ретінде суреттеледі. Атанның Қаламқас туралы «Басқа нобайы келіспесе де, көзі қап-қара тұнық екен» деген ойы арқылы оның асқан сұлу да еместігін, ең бастысы Атанның оған онша көңілі тола қоймағанын түсінеміз. Бірақ Қаламқас – «Ешқандай қағынды-ұшындысы жоқ», мейірімді, бірқалыпты, сабырлы жан. Қаламқастың сабырлы кейпі күйеуі орынсыз мазақ қылғанда оған «алара қарап, бүйрек бетінің шығыңқы қабақтарына дейін күреңіте ашуланғанымен», «ләм-мим деп жауапқа келмеуі» сияқты портреттік суреттеулер арқылы сомдалған.

Осы тұста екі шығармада да ер мен әйелдің қарым-қатынасының тым нәзіктігін, әйел көңілінің сәл нәрседен құлазып қалатын босандығын көрсететін ұқсас сюжеттер бар. Шолпан бала сүю үшін құлшылық жасап, Құдайға жалбарынып жүргенде Сәрсенбай оны «бірәдар» деп мазақ қылса, енді бірде «қартайғанда жорға ашатын кәрі бозға» теңеп, көңілін қалдырады. «Аспанқора» повесінде де Қаламқасты күйеуінің «Жайбасар» деп атап, мазақ қылғаны оның шамына тиеді. «Босағаны аттағалы көп айлар өтсе де, бір-бірін мінеп-жасқап, артық сөзге бармаған» бұлардың арасына алғаш рет салқындық осы сөзден кейін орнайды, соншалықты сабырлы әрі мейірімді Қаламқастың алғаш рет «тілі ұзарып», күйеуінің жан-жарасына тұз себуіне себеп болған Атанның осы бір орынсыз эзілі әлде мазағы еді. Міне, осыған ұқсас эпизодтар ер мен әйелдің қарым-қатынас психологиясын ашып көрсетеді. «Аспанқора» шығармасында әйелдердің тілі ащы, шабалана, шаптыға түсетін тәрбиесіз жан ретінде көрінуіне Атанның кемдігінен бұрын, «әйелге ықылас білдірудің жөнін» таба алмайтын томаға-тұйықтығы да себеп болған сияқты.

Ресейлік ғалым Ю.М.Лотман әйелдер образын үш үлкен топқа бөледі: дәстүрлі (традиционная), батыр-қыздар (героини), шайтани (демонический) [4, 20-6].

Ханымкүлдің характеріне қарап, оны осы үшінші топтағы «демонический» деп аталған типке жатқызуға болады. Өйткені, шайтани «демонический» әйелдер деп ерлер жасаған барша шарттар мен стереотиптерді батыл түрде бұзушы әйелдерді айтады. «Бұл типке орыс классиктерінің терминологиясы бойынша «ұятсыздар» (А.М.Ремезов) және «секіргіштер» (А.П.Чехов) деп аталған әйелдердің образы жатады[4, 20-6].

Ал Атанның екінші әйелі Қаламқас, керісінше, дәстүрлі (традиционная) типіндегі әйел образы. Дәстүрлі дегені ерін риясыз сүйетін, жақындары үшін жанын беруге даяр, қбірге қайғырып, бірге қуанатын, көнбіс әйелдердің образдары. Қаламқастың отбасының берекесін келтіруге ұмтылуы, ерін сыйлап, тіл ұшына келген сөзін іркіп қалуы оның осындай дәстүрлі типтегі әйелдердің бейнесін суреттейтінінің дәлелі.

Жұмабай Шаштайұлының «Құралайдың салқыны» повесі тың образдарымен ерекшеленетін шоқтығы биік шығарма. Тілінің мүкісі бар

Демеуге жар болған Қадірсіздің сырт бейнесінің қандай екені шығарманың басында нақты суреттелмейді. Тек қана: « – Апа, өзімнің де қыз тапқым келіп жүрген жоқ, ол бейбақ та мен сияқты елдің мазағына айналып, сорлайтын шығар. Жамал жеңешем балаларын қорқытқанда Қадірсіз келе жатыр дейді екен»[2, 109-б.], – деген сөзінен және «Қадірсіздің дүрдіңкі ерні», «ұясы терең көзі» деген қысқаша суреттеулерден оның сырт бейнесінің сұлу еместігін ептеп бағамдаймыз. Жауынның астында отырып, өткен өміріне көз жіберген Қадірсіздің: «Басына тартқан жаулығын ешқашан кір шалмайтын дөңгелек жүзді аққұба әйелдің шырайлы әлпеті көз алдына келе кетті. Өзіне бір ауық мүсіркей қарап: «Маңдайының бес елі соры бар қар-ау, ең құрығанда сұрың жетісіп тұрса ше, ұрғашы деген атың бар. Айналаңа қарап, бір мезгіл бойыңды күтсең болмай ма?» [2, 125-б.], – деп еске алуы, «алғашқы күннен-ақ бейшара деген сөзді қара кемпір бұған қимаған екен» деген естеліктері Қадірсіздің бүкіл өмірінің өкініші мен өксігінен хабар береді.

Ене мен қайын апаның қорлығы, жазықсыздан-жазықсыз соққыға жыққан күйеуінің зорлығы жанына батқан Қадірсіз емізулі баласын көтеріп, бас сауғалап кеткенде қазақ даласында «Құралайдың салқыны» аталған нөсер жауынның астында қалып, күннің күркіреуі мен найзағайдан шошынып, тілі күрмеліп ауырады. Қадірсіздің жанына күйеуінің таяғынан да гөрі тілі ащы ене мен қайын апасының ауыр сөздері қатты батады. Ұрқия келіп, жанжал шығарып, «Екі жартыкеш» деп балағаттағаннан кейінгі Қадірсіздің күйзелісі, уайымы шығармада өте жақсы суреттелген. Сол күні таңда Қадірсіз бақилық болады. Демеу әйелін жер қойнына тапсырғаннан кейін ғана оның қадірін білгендей, өкіріп жылайды. Тасболаттың «О, жазған Қадірсіз-ай, есіл өмірің ырың-жырыңмен өтті де кетті» деген сөзі осы шығарманы түйіндеп, Қадірсіз бейнесі – есіл өмірін қорлықпен, ауыр бейнетпен өткізіп, өмірден рақат таппай өтіп кетіп жатқан талай қазақ әйелдерінің типтік бейнесі екенін айшықтай түседі. Шығарма оқырманға «Бұл Қадірсіз неге сондай қадірсіз болды? Ауылда қой баққан қазақ әйелдерінің өмір жолы соншалықты ауыр болар ма?» деген өкінішті ой тастайды. Қазақ қоғамында отбасылық қарым-қатынас мәселесі, соның ішінде ене мен келін арасындағы мәселенің өте өзекті екені жасырын емес. Бұл шығарма кейіпкерлерінің өмірін қиындатқан мәселе сырттан, көлденеңнен келген апат, не басқа бір мәселелер емес, өз ара түсініспеушілік, сыйластықтың жоғы. Қойына қасқыр тигенде, Демеу «Енді әпкеме не айтамын?» деген ойдан сабырынан айрылып, Қадірсізді сабап тастайды. Кейіннен сол сәтте Демеу үшін ақырзаман орнағандай көрінген мәселе оңай шешіліп, ел-жұрты қасқырға жем болған қойының орнын толтырып береді. Осы сюжеттің өзі бұл шығармада көтерілген негізгі мәселе – қойға қасқырдың шабуы да емес, Демеудің тілінің мүкістігі де емес, әу бастан дұрыс жолға қойылмаған, келіннің түсуімен шиелене түскен отбасылық қарым-қатынас мәселесі екенін көрсетеді.

Жұмабай Шаштайұлы өзінің шыншылдығымен ерекшеленетін жазушы. Баспасөз құралдарына берген сұхбаттарында да ағынан жарылып,

өзінің жетістіктеріне қоса, кемшін қалдым дейтін тұстарын ашық айтатынын байқалады. Автордың шығармаларындағы кейіпкерлер де өзі сияқты шынайы. Атан мен Ханымкүл де, Қаламқас та, Қадірсіз де қазақ қоғамында бар кейіпкерлер. Бұл әйелдердің кейде тым қарабайыр, жұпыны көрінетіні де автордың кейіпкерге романтикалық сипат беруден қашқақтап, мейліншешынайы жазуды қалағанынан болар деген болжамымыз бар. Автор өз шығармаларындағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне түсініктеме беріп, оларды не ақтап, не даттап жатпайды. Жазушылық бейтараптық деген де шығарманың бәсін арттырар бір артықшылық десек, бұл тұрғыдан келгенде Жұмабай Шаштайұлының жоғарыда біз атап өткен шығармаларының бәсі жоғары. Бұл туралы әдебиетші ғалым Айгүл Ісімақова Ж.Шаштайұлымен бірге бірқатар жазушыларды атай келіп: «Аталған жазушылар өз кейіпкерлерін әдеттегідей дайын үлгідегі идеялар мен ұрандар құрсауынан құтқарып алғысы келеді» [5, 268-б.], деп жазады. Шынында да, кейіпкерлерін идеялизациялаудан қашып, мүмкіндігінше шынайы, табиғи қалпында жазуы Ж.Шаштайұлының образ сомдаудағы ерекшелігі деп атауға болады.

Әйелдер тақырыбын өз шығармаларына арқау еткен француз жазушысы Ги де Мопассан туралы «ол жазған әйелдер – қоғамның ауруы мен адамның соған бейімделуін өз өмірімен дәлелдеп беретін әйелдер» [6, 5-б.], – деген пікір бар. Негізі кез келген типтік образдың өзі қоғамда қалыптасқан проблемаларды ашып көрсетуге қызмет ететіні белгілі. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде қоғамның келбетін ашып көрсетуге, қоғамда қалыптасқан мәселелерге тереңнен үңілуге мүмкіндік беретін Ханымкүл, Қадірсіз тәрізді образдардың әдебиетте алар орны ерекше.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Жұмабаев М. Шолпанның күнәсі. Әдебиет порталы (adebiportal.kz)
- 2 Шаштайұлы Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар / Жұмабай Шаштайұлы. Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. Т.1. Тау мен дала. Повестер мен әңгімелер. – 360 б.
- 3 Қабдолов Қ. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2007. – 360 б. В.Н.Кардапольцева. Женщина: хозяйка, героиня, муза. (о стереотипах женского поведения). Вестник ТГУ, выпуск 4, 1999
- 4 Ісімақова А.С. Асыл сөздің теориясы. – Алматы: «Таңбалы», 2009. – 376 бет.
- 5 Адилбекова Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы әйел-Ана бейнесі. (О.Бөкей, Ф.Оңғарсынова, Ш.Бейсенова прозалары негізінде). Автореферат.

### **References**

1. Jūmabaev M. Şolpannyñ künäsi. Ädebiyet portaly (adebiportal.kz)
2. Şaştaiüly J. Ekı tomdyq tañdamaly şyğarmalar / Jūmabai Şaştaiüly. Almaty: «An Arys» baspasy, 2010. T.1. Tau men dala. Povester men äñgimeler. – 360 b.
3. Qabdolov Q. Söz önerı. – Almaty: «Sanat», 2007. – 360 b.
4. V.N.Kardapölseva. Jenşına: hozäika, geroinä, muza. (o steorotipah jenskogo povedenie). Vestnik TGU, vypusk 4, 1999
5. Isımaqova A.S. Asyl sözdıñ teoriasy. – Almaty: «Tañbaly», 2009. – 376 bet.
6. Adilbekova J. Qazırgı qazaq prozasyndaqy äiel-Ana beinesi. (O.Bökei, F.Oñğarsynova, Ş.Beisenova prozalary negızinde). Avtoreferat.

*Nurbanu Kamalova<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [211301016@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301016@stu.sdu.edu.kz)

## **THE IMAGE OF WOMAN IN THE WORKS OF DZHUMABAY SHASHTAYEV.**

**Abstract.** The article analyzes female images in the works of the author Zhumabai Shashtaevich. A comparative analysis of the image of Khanymkul in the story «Aspankora» and the image of Sholpan in the story of Magzhan Zhumabayev «The Transgression of Sholpan» is carried out, typological features of images, ways of their creation are revealed, motives and the author's position in creating the character of the character are determined. The image of Kalamkas in this story and the image of Kadirsiz in the story "Saigachonochya coolness" (cold wind at the end of May) was analyzed and proved that they represent a typical image of traditional Kazakh women.

**Keywords:** prose, novel, female image, typical image, Kazakh woman.

*Нурбану Камалова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [211301016@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301016@stu.sdu.edu.kz)

## **ОБРАЗ ЖЕНЩИНЫ В ПОВЕДИЯХ ДЖУМАБАЯ ШАШТАИУЛЫ**

**Аннотация.** В статье проведен анализ женских образов в произведениях писателя Жумабая Шаштаевича. Проведен сравнительный анализ образа Ханымкуль в повести «Аспанкора» и образа Шолпан в повести Магжана Жумабаева «Прегрешение Шолпан», выявлены типологические особенности образов, пути их создания, определены мотивы, и позиция автора в создании характера персонажа. Был



проанализирован образ Каламкас в этой повести и образ Кадирсиз в повести «Сайгачоночья прохлада» (холодный ветер в конце мая) и доказано, что они представляют собой типичный образ традиционных казахских женщин.

**Ключевые слова:** проза, повесть, женский образ, типичный образ, казахская женщина.

*Келін түсті 24 Наурыз 2023*

*МРНТИ 14.01.01*

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v63i2.997>

*Орынбекова А.А.<sup>1\*</sup>*

<sup>1</sup>Университет имени Сулеймана Демиреля, г.Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [2111005038@stu.sdu.edu.kz](mailto:2111005038@stu.sdu.edu.kz)

## **ОРГАНИЗАЦИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ МЕЖДУ УЧЕНИКОМ И УЧИТЕЛЕМ НА УРОКЕ МАТЕМАТИКИ**

**Аннотация.** В данной статье описывается методика организации взаимодействия между учениками и учителем на уроке математики. Рассматривается такой метод организации как взаимодействие учителя и ученика. Одним из способов взаимодействия является самостоятельная работа, а также ее ключевые аспекты, позволяющие более эффективно проводить организацию преподавательской деятельности. В качестве примера была рассмотрена средняя школа, учителя которой активно применяют приемы организаторского взаимодействия учителя и учеников. Был рассмотрен пример показательного урока, на котором учитель взаимодействует с учениками посредством опроса. Вследствии такого опроса учитель определяет уровень знаний учеников для построения эффективного плана урока. Для учеников же такой опрос служит одним из способов повторения пройденного и подготовкой к новому материалу. Также для статистики ученики всей школы участвуют в опросе, нравится ли им заниматься математикой. Данные записываются в виде диаграммы и впоследствии выдвигаются соответствующие выводы.

**Ключевые слова:** Ученик, педагог, математическая задача, организаторский процесс, самостоятельная работа, школа, средняя школа, алгебра, геометрия, мыслительный процесс.

**Введение.** Школы – это институты знаний, где учащиеся должны приобретать знания, навыки и установки. Высокий уровень развития науки и техники предъявляет особые требования к образованию учащихся в школе. Задача образования состоит не только в том, чтобы учащиеся приобрели определенный объем знаний. Они должны уметь применять полученные знания на практике, применять их в новых ситуациях, делать собственные выводы и обобщения, находить решения в нестандартных ситуациях. С ростом числа научных открытий и появлением неизвестных

областей науки, техники и экономики крайне важно, чтобы учащиеся могли самостоятельно приобретать новые знания и изучать научно-техническую литературу [1].

**Цели и задачи исследования.** Роль математики в этом процессе чрезвычайно важна. Изучение математики создает условия для развития логического мышления, приобретения навыков дедуктивного рассуждения, развития точности и краткости. Однако успех этих предпосылок во многом зависит от того, насколько эффективно организован учебный процесс в этом направлении. Поэтому одной из предпосылок подготовки учащихся к творческой работе, самостоятельному расширению и углублению имеющихся знаний является такая организация учебной деятельности учащихся в классе и при выполнении домашних заданий, при которой осуществляется целенаправленное и систематическое формирование интеллектуальных умений и развитие их речевых способностей [2].

С самых ранних этапов начального образования прилагаются усилия для развития у учеников способности действовать самостоятельно. Ученики выделяют информацию, представленную на уроке, и воспроизводят ее на основе вопросов учителя. На этом этапе ученики еще не способны самостоятельно оценить сложность и значимость информации, содержащейся в материале, поэтому одна из задач учителя при подготовке вопросов - научить учеников выделять ключевые моменты. Поэтому в этот период системы вопросов, проверяющая усвоение теоретического материала, должна охватывать все важные моменты излагаемого материала и не содержать тривиальных вопросов или вопросов, не относящихся к основному материалу [3].

**Методика.** Для написания данной работы использовались следующие методы исследования: анализ литературы касательно педагогического направления, анализ работ известных педагогов мирового формата, опрос.

**Результаты исследования и их обсуждение.** Основные цели школьного математического образования - обеспечить твердое и осознанное понимание учащимися системы математических знаний и навыков, необходимых в повседневной и социальной жизни всех членов современного общества, а также обеспечить их достаточную компетентность для изучения и продолжения образования по смежным дисциплинам. Важнейшей задачей школьной программы по математике является развитие мышления учащихся. Интерес к учебе должен формироваться общими навыками, а процесс приобретения этих навыков

должен идти в направлении, соответствующем природе человека и ведущем к совершенствованию, уточнению и развитию его физических фактов [4].

Чтобы учащиеся проявляли интерес к обучению, они должны хотеть этого:

- 1) Необходимо, чтобы то, что преподается, было понятным и занимательным;
- 2) Чтобы духовно-эмоциональные силы ученика были в комфортной для него обстановке.

Самостоятельная работа является важнейшей предпосылкой для саморегуляции и творческого потенциала человека. Самостоятельная работа является основным методом развития самостоятельности.

Самостоятельная работа – это познавательная учебная деятельность, в которой последовательность мыслей, умственных и практических действий и поступков зависит от обучающегося и определяется им самим.

Методики развития самостоятельности учащихся при изучении математики основаны на следующих принципах:

- интеграция обучения, преподавания и развития;
- самостоятельная и творческая деятельность учащихся;
- последовательное усвоение и всестороннее развитие познавательных способностей учащихся;
- формирование коллективного характера обучения и индивидуальных способностей.

Рассмотрим виды самообучения, которые играют важную роль в практике:

1. Самостоятельная работа с предварительным анализом. После теоретического описания задания или упражнения проводится детальный анализ. Затем предлагается аналогичное задание для самостоятельной работы, с более сложными элементами.

2. Проверка после решения задачи. Учащиеся выполняют собственную работу и сверяют ее с заданной моделью, а учитель проверяет понимание решения шаг за шагом, задавая соответствующие вопросы.

3. Рабочие листы с несколькими вариантами ответов и озвученными ответами. Этот вид деятельности помогает обеспечить быструю обратную связь, выявить пробелы и решить неясные ситуации.

4. Математический диктант с самопроверкой или перекрестной проверкой.

5. Самостоятельное обучение с демонстрацией. Это позволяет учащимся не только увидеть, как решать задачи, но и установить логические связи между тем, что они видят, и тем, что им нужно делать.

6. Работа по заранее заданному алгоритму. Это приобщает учащихся к точному и последовательному выполнению заданий и целенаправленно организует их мыслительную деятельность.

7. Семинар должен быть подготовлен заранее. Класс делится на группы. Каждой группе дается задание (текст из учебника, пример из учебника и подборка заданий из дополнительной литературы). В ходе занятия ученики подробно анализируют задание. Затем они пишут самостоятельное задание, которое выполняется всем классом.

8. На уроках я обычно можно предоставить крупный объем материала.


9. Тесты не только позволяют ученикам поразмышлять, но и выявить пробелы в своих знаниях, которые необходимо восполнить при подготовке к текущим экзаменам или тестам.

10. Техника аннотирования также полезна в практике. На первом этапе школьники аннотируют свои ответы со своих мест. Записывается их комментарии на доске, а остальные слушают, смотрят и записывают их, чтобы потренировать все виды памяти, включая зрительную, слуховую и моторную. Кроме того, увеличивая процент учеников, отвечающих на уроке, они могут учиться и более эффективно комментируя записи.

11. Одним из видов самопроверки является тест перекрестной проверки. Дается несколько наборов вопросов разной степени сложности. В начале урока всем учащимся раздается карточка с простым вопросом, который они должны решить, а затем взять следующий вопрос, который повторяется на протяжении всего урока. Уровень сложности повышается с каждым последующим заданием. Учитель дает ученикам следующую карточку, если предыдущее задание было выполнено правильно. В конце урока определяется лидер команды, набравшей наибольшее количество баллов.

12. Важным видом самостоятельной работы является домашнее задание, которое в основном используется для закрепления пройденного материала. Для организации этой работы даются четкие инструкции о том, что и как нужно делать дома, нужно объяснить, как ученики должны готовить домашнее задание по математике, как работать с учебниками, как делать записи и т.д. Выполняя вышеописанные руководства можно добиться эффективной организации взаимодействия между учениками и

учителем, повышая тем самым необходимую мотивацию в обучении математики. Для наглядного примера был рассмотрен урок математики в 8 “В” классе учеников средней школы города Алматы. В классе обучается 20 учеников. Данная школа была выбрана по причине того, что учителя уже более десяти лет практикуют данные подходы в обучении математики. Учитель перед объяснением нового материала проверяет наличие домашнего задания по прошлой теме, данный опрос представлен на рисунке



**Рисунок 1** – Ответ на вопрос “Выполнено ли домашнее задание?” Как видно всего 5 учеников не выполнили домашнее задание, причины тому могут быть различны, кто-то забыли, либо не до конца освоил материал, в любом случае перед объяснением нового материала сначала кратко идет повторение прошлой темы.

После повторения следует новый материал, для определения первоначального уровня знаний учитель может расспросить класс о том, знают ли они что-нибудь по данной теме. Например, тема урока “Свойства треугольников”, в таком случае вопросы могут быть такие:

1. Какие треугольники бывают?
2. Чему равна сумма углов треугольника?
3. Что такое медиана?
4. Что такое биссектриса?
5. Что вам известно о синусе угла? (и т. д.)


Таким образом, ученики вспомнят пройденный ранее материал и подготовятся к освоению нового. По завершению урока, учитель может задать еще один вопрос о том, все ли было понятно на занятии, результаты опроса на рисунке 2.



**Рисунок 2** – Ответ на вопрос “Понятен ли вам новый материал?”

По завершению урока рекомендуется еще раз коротко пройтись по новому материалу, для большей эффективности можно, как и в начале задать ученикам несколько вопросов касательно данного материала.

Также в средней школе был проведен опрос всех классов учеников. В опросе приняло участие 230 учеников. Результат опроса приведен на рисунке 3.



**Рисунок 3** – Ответ на вопрос, “Нравится ли вам математика?”

Как видно из данного рисунка, около 75% учащихся любят математику, 20% отрицательно ответили и 5% не смогли дать точного ответа [5].

**Выводы.** Таким образом, был рассмотрен такой метод организации как взаимодействие учителя и ученика. Одним из способов взаимодействия является самостоятельная работа. Был рассмотрен пример показательного урока, на котором учитель взаимодействует с учениками посредством опроса. Если ученик испытывает сложности с каким-либо вопросом, можно задавать дополнительные вопросы наводящего характера, данные приемы в обучении способствуют лучшему усвоению материала. Также

для статистики ученики всей школы участвуют в опросе, нравится ли им заниматься математикой.

В результате исследования были получены положительные результаты в развитии учащихся, что подтверждает ценность проведенного исследования и его вклад в соответствующую область знаний.

Данное исследование имеет как научную, так и практическую значимость, так как представленные методики могут быть использованы в образовательном процессе для повышения эффективности учебного процесса. Практическое значение работы заключается в возможности использования предложенных методик для повышения качества математического образования в школе и развития умений учащихся.

### **Список использованной литературы**

- 1 Дьяченко В. К. Сотрудничество в обучении: О коллективном способе учебной работы. — М.: Просвещение, 2021 с. — 192 с.
- 2 Землянская Е. Обучение в сотрудничестве: групповая работа учащихся и учителя // Лучшие страницы педагогической прессы. — 2020. — № 1.
- 3 Канн-Калик В. А. Учителю о педагогическом общении. — М.: Просвещение, 2017. — 203 с.
- 4 Леонтьев А. А. Психология общения. — М.: Смысл, 2020. — 365 с.
- 5 Психология и педагогика // Сост. А. А. Радугин. — М.: Центр, 2019. — 256 с.

### **References**

1. Dächenko V. K. Sotrudnichestvo v obuchenii: O kolektivnom sposobe uchebnoi raboty. — M.: Prosveşenie, 2021 s. — 192 s.
2. Zemlänskaia E. Obuchenie v sotrudnichestve: grupovaia rabota uçaşihsä i učitelä // Luchşie stranisy pedagogicheskoi presy. — 2020. — № 1. Kann-Kalik V. A. Učitelü o pedagogicheskom obşenii. — M.: Prosveşenie, 2017. — 203 s. Leontev A. A. Psihologia obşenia. — M.: Smysl, 2020. — 365 s.



3. *Psihologia i pedagogika // Sost. A. A. Radugin. — M.: Sentr, 2019. — 256 s.*

*Орынбекова А.А.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Сулейман Демирел атындағы университеті, Қаскелең, Қазақстан

\*e-mail: [2111005038@stu.sdu.edu.kz](mailto:2111005038@stu.sdu.edu.kz)

## **МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫ МЕН МҰҒАЛІМ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА АРАҚАТЫНАС ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Андатпа.** Бұл мақалада математика сабағында оқушылар мен мұғалімнің өзара әрекеттесуін ұйымдастыру әдістемесі сипатталған. Ұйымдастырудың бұл әдісі мұғалім мен оқушының өзара әрекеттесуі ретінде қарастырылады. Өзара әрекеттесу тәсілдерінің бірі-өз бетінше жұмыс жасау, сонымен қатар оның оқытушылық қызметті тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін негізгі аспектілері. Мысал ретінде №5 орта мектеп қарастырылды, оның мұғалімдері мұғалім мен оқушылардың ұйымдастырушылық өзара әрекеттесу әдістерін белсенді қолданады. Сауалнама арқылы мұғалім оқушылармен қарым-қатынас жасайтын демонстрациялық сабақтың мысалы қарастырылды. Осындай сауалнаманың нәтижесінде мұғалім тиімді сабақ жоспарын құру үшін оқушылардың білім деңгейін анықтайды. Оқушылар үшін мұндай сауалнама өткенді қайталаудың және жаңа материалға дайындалудың бір әдісі ретінде қызмет етеді. Сондай-ақ, статистика үшін бүкіл мектептің оқушылары математиканы ұнататын-ұнатпайтындығы туралы сауалнамаға қатысады. Деректер диаграмма түрінде жазылады және кейіннен тиісті қорытындылар шығарылады.

**Кілт сөздері:** Оқушы, мұғалім, математикалық есеп, ұйымдастырушылық процесс, өзіндік жұмыс, мектеп, орта мектеп, алгебра, геометрия, ойлау процесі.

*Orynbekova A.A.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [2111005038@stu.sdu.edu.kz](mailto:2111005038@stu.sdu.edu.kz)

## **ORGANIZATION OF INTERACTIONS BETWEEN STUDENT AND TEACHER IN MATHEMATICS CLASS**

**Annotation.** This article describes the methodology of organizing interaction between students and a teacher in a math lesson. Such a method of organization as the interaction of teacher and student is considered. One of the ways of interaction is independent work, as well as its key aspects, which make it possible to organize teaching activities more effectively. As an example, secondary school No. 5 was considered, whose teachers actively use methods of organizational interaction between teachers and students. An example of a demonstration lesson in which a teacher interacts with students through a survey was considered. As a result of such a survey, the teacher determines the level of students' knowledge to build an effective lesson plan. For students, such a survey serves as one of the ways to repeat what they have passed and prepare for new material. Also, for statistics, students from all over the school participate in a survey on whether they like to do math. The data is recorded in the form of a diagram and subsequently appropriate conclusions are put forward.

**Keywords:** Student, teacher, mathematical problem, organizational process, independent work, school, secondary school, algebra, geometry, thought process.

*Поступила 24 Апрель 2023*

FTAMP 14.01.01

DOI: <https://doi.org/10.47344/sdu%20bulletin.v63i2.928>

Шарунбекова Д.Т.<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

\*e-mail: [211301002@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301002@stu.sdu.edu.kz)

## КОМПЬЮТЕРЛІК ЛИНГВОДИДАКТИКА: ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ БАЗАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ

**Аңдатпа.** Мақалада тілді оқыту үрдісіне компьютерлік технологияны ендірудің қазіргі қалпын зерттеу көзделеді. Қолданбалы тіл білімінде жаңа бағыттың – компьютерлік лингвистиканың пайда болғанын теориялық тұрғыда айқындаумен қатар, жасанды интеллект жүйесін, жасанды тілдер үлгілерін құру қажеттілігін алға тартады. Тарихи жүйе ретінде қалыптасқан табиғи тілдер адамдардың өзара қарым- қатынасына қызмет етсе, жасанды тіл де адам-машина, машина-машина, машина-адам қарым-қатынасы үшін жасалғандығын дәлелдегісі келеді. Лингвистика ғылымынсыз жасанды тілді жетілдіру, сонымен бірге адамның компьютермен табиғи тілде қарым-қатынас жүйесін жасау, күрделі адам-машина кешені қызметінің тиімділігін арттыру мүмкін емес екендігі әдістемелік тәжірибелер негізінде анықталған

**Түйін сөздер:** компьютерлік лингво-дидактика, ақпараттық технология, компьютер, педагогика, оқыту

### Кіріспе.

Әлем қарыштап дамуда. Әр күн жаңалыққа толы. Осындай бір орынында тұрмайтын ақпараттық технологиялардың өзгермелі заманы білім-ғылым саласына да әсерін тигізбей қоймайды. Нәтижесінде тіл білімінде жаңа зерттеулер, жаңа бағыттардың орын алғанын байқаймыз. Соның ішінде қазіргі таңда жаңа сала болып табылатын компьютерлік лингводидактика түсінігі кең өріс алуда. Компьютерлік лингводидактика, бұл қандай сала, немен айналысады, нендей ерекшеліктерге ие екендігіне тоқталмас бұрын, әуелі, бұл ғылым саласымен байланысты




лингводидактика, дидактика ғылымдарына тоқталайық. Лингводидактика – ХХ ғасырдың екінші жартысында дидактика мен лингвистиканың тоғысуынан пайда болған жас ғылым саласы. Дидактика нені оқытамыз, не үшін оқытамыз, қалай оқытамыз деген сұрақтарға жауап іздей отырып, білім беру мен оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін

педагогика ғылымының саласы екендігі белгілі. Демек, өзіміздің ұсынған төмендегі 1-сызба бойынша «лингводидактика» түсінігіндегі «лингво» – тіл және «дидактика» түбірлерінің қосылуына қарап, аталған саланың тіл үйрету, тіл оқыту, меңгертуге тікелей қатысты екендігін аңғаруға болады [1].

*1-сызба. Лингводидактика ғылым саласының пайда болуы*

«Лингводидактика» терминін ғылымға 1969 жылы академик ғалым Н.М.Шанский енгізді. Аталған уақытқа дейін бұл сала дидактикамен бірге қарастырылып, термин ретінде бөлініп шықпағандықтан, ұғым мазмұнын беруде «әдістеме» (методика) түсінігі қолданылған болса, 1975 жылы Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық ассоциациясында (МАПРИЯЛ) жаңа термин ретінде бекіді. Н.М.Шанский, Р.К.Миньяр-Белоручев бастаған ғалымдардың басшылығымен «әдістеменің» орнын басты. Әйтсе де «әдістеме»




ұғымымен қатар, кезектестіріп қолданатын ғалымдар да жоқ емес [1].

Сонымен, тілдің фоно-морфо-семантикалық жүйесін зерттейтін тілі білімі саласы мен оны қалай оқыту керектігін үйрететін әдістеме ғылымының (оқыту пәні) қосындысынан лингводидактика саласы пайда болса, енді осы пән мен қазіргі заман талабы болған, қоғамның жоғары сұранысындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар (АКТ) пәнінің интеграциялану нәтижесінде тіл білімінде бұрын соңды болмағанын, жаңа сала – «компьютерлік лингводидактика» пайда болды [2, 81]. (түсінікті болу үшін өзіміз ұсынып отырған төмендегі 2-сызба арқылы көруге болады)

*2-сызба.. Компьютерлік лингводидактика ғылым саласының пайда болуы*

Компьютерлік лингводидактика – тіл үйрену, оқу, оқыту процесінде компьютер және компьютерлік бағдарламаларды, қосымшаларды қолдану арқылы жүзеге асатын лингводидактиканың бір саласы. Ол ең алғаш компьютерлік технологиялар арқылы тіл үйретудің теориясы мен практикасын меңгерту мақсатында пайда болса, қазір ақпараттық технологиялардың заманында атқаратын рөлі жоғары жаңа сала ретінде саналады. Атап айтқанда, жасанды интеллект, компьютерлік бағдарламалар дизайнын, компьютерлік оқыту теориясы мен практикасын жасауға қатысады. Өз ішінде ақпараттық технология, қолданбалы және математикалық лингвистикамен, компьютерлік



психологиямен тығыз байланысты. Бұл салада айрықша зерттеу жүргізіп жүрген маман М.Леви компьютерлік лингводидактиканың психологиямен етене жақын екендігін өзінің «Компьютерді қолдану арқылы тіл үйрету: мәнмәтін және концептуализация» еңбегінде атап, «Адам – компьютер» арақатынасын өзге ғылым салаларымен байланысын төмендегі 3-сызбада көрсеткен [2].

*3-сызба. М.Леви. Компьютерлік лингводидактиканың өзге ғылым салаларымен байланысы*

#### **Зерттеудің әдіснамасы.**

Бұл жаңа саланың пайда болуы адамды қоршаған әртүрлі салалармен арадағы көпір іспеттес маңыздылыққа ие, дидактика мен лингводидактика саласындағы жаңа бағыт. Өз алдына қойған мәселесі – зерттеу жұмыстарын жаңа қырынан қарастыра зерттеу. Бұл жөнінде ғалым М.А.Бовтенконың редакциясымен шыққан ұжымдық монографияда жазылып, компьютерлік лингводидактиканың ғылыми- әдістемелік аспектісі алғаш былайша негізделген: «аталған лингводидактика жаңа ақпараттық технологияларды, олардың әр пайда болған жаңа мүмкіндіктерін оқу процесінде кәсіби практикалық қолдану тұрғысынан үнемі зерттеліп отырады» [3].

Тіл оқытудың әдістемесі ретінде ХХ ғасырдың 80-жылдарында қалыптасқан бұл ғылыми бағыттың теориялық және қолданбалы аспектілерін қарастыра отырып М.А.Бовтенко зерттеуді үш арнаға бөліп көрсетеді:

Компьютерді пайдалану арқылы тіл үйренудегі теориялық аспектінің жасалуы (компьютерлік лингводидактиканың методологиялық мәселелері, компьютерлік оқу материалдарының типологиясы, оқытудағы компьютер құралдарының әсері, тіл оқытуды компьютерлендірудің психология-педагогикалық мәселелері, компьютер жүйесін оқытудағы дизайн, компьютер арқылы оқыту процесінің коммуникацияға әсері, оның даму мүмкіншіліктері, т.б мәселелерді қарастырады);

Оқу үдерісінде компьютер материалдарының жасалыну және пайдалану тәжірибесі;

Тіл үйрену процесіндегі компьютерлік интеграция жолдары [4, 9].

Жоғарыдағы мәліметтерге қарап бұл саланың тіл оқытудың теориялық сипаттамаларынан практикалық қолданысқа қарай өтіп жаңа бағыт алғанын, шығармашылықты аса қажет ететіндігін көруге болады. Бұл жердегі басты талап – оқытушы-педагогтің жаңа ақпараттық технологияларды оқыту процесіне түсінікті, жүйелі, сапалы түрде енгізе білуінде. Ал компьютерлік лингводидактиканың алдына қоятын мәселесі қолданушы адамның компьютерлік құралдар арқылы электронды материал-оқулық, оқыту бағдарламаларын арнайы мамандардың көмегінен өздігінен құрастыра алуына жағдай жасау болуы қажет.

### **Зерттеу нәтижелері.**

Компьютерлік технологиялардың қолданысы бастапқы кезеңде тіл білімі саласында тіл үйрену, оқыту, лингвистикалық зерттеулер жүргізу мен білім беруді компьютерлендіру мәселесінде қарастырылып, кейін ХХ ғасырдың 80 жылдарында компьютерлік лингводидактика дербес сала ретінде қалыптасты. Жаңа термин ретінде ғылымға 1991 жылы К.Р.Пиотровскийдің ұсынысымен енді [5]. Қазіргі таңда тіл үйренуде ақпараттық технологиялардың пайдаланылуы екі бағытта дамып келеді: алғашқысы ана тілін меңгеруде болса, кейінгісі белгілі бір тілдік ортада шет тілді үйрену есебінде. Бұл екі бағыт бойынша қазіргі күнде компьютерлік оқу материалдары жасалуда. Атап айтқанда, мемлекеттік тілді оқытуға арналған 2007 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Ф.Оразбаеваның «Қазақ тілі. Электронды оқулық. Қарапайым деңгей», «Негізгі деңгей», «Орта деңгей», «Ортадан жоғары деңгей», «Жоғары деңгей», «Жетік деңгей» атты алты деңгейлік, 2013 жылы шыққан Ж.Қ.Түймебаев, Қ.Қадашева, Ұ.О.Асанованың «Қазақ тілі: деңгейлік оқу әдістемелік кешенінің негізгі оқулығы» қарапайым, базалық, жоғары деңгей атты үш деңгейлік оқу-әдістемелік кешендері бар [6, 5]. Сондай-ақ мектеп бағдарламаларында қолданылып жүрген 5-11 сыныптардың пәндік электрондық оқулықтары, «LinguaLeo», «Duolingo» сияқты қазақ тілін үйренуге арналған «QazaqApp» қосымшасы сынды тіл курстарындағы бағдарламалар мен мемлекеттік тілді жеделдете оқытуға арналған «Жаңа толқын» электрондық оқу құралдары мысал болады.

### **Талқылау.**

Компьютерлік лингводидактикадағы басты ұғым «компьютер» екені белгілі. Ең алғаш бұл терминнің қолданысқа ену барысында техника саласында «есептеуіш машина», «электронды машина», «электронды-есептеуіш машина» (ЭЕМ), «автоматты басқару жүйесі», «автоматтандырылған басқару жүйесі», «модельді автоматтандырылған жүйе», т.б. бірқатар жаңа ұғымдар енгізілсе, тіл білімі саласында да «инженерлік лингвистика», «есептеуіш лингвистика», «мәтінді автоматты түрде өңдеу», «лингвистикалық автомат», «лингвистикалық

материалдарды автоматты түрде өңдеу және сақтау әдістері», «автоматты (машиналық) аударма», «тілдің машиналық қоры», «электронды сөздік», «автоматтандырылған оқыту жүйесі», «сөйлеу сигналдарын автоматты өңдеу жүйесі» ұғымдары пайда бола бастады. Осыдан келе, терминдер қатары өткен ғасырдың 90-жылдары шет елде қалыптаса бастаған «интеллектуалды компьютерлік жүйелерді қолдану арқылы оқыту» («Intelligent Computer Assisted Instruction» ICAI), «ақпараттық технологиялар» («Information Technology» IT), «білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» («Information and Communication Technology in Education/Teaching» ICT) түсініктерімен толығырақ түсті. Қазірдің өзінде әлемдік пандемиядан кейін «қашықтан оқыту» (distance learning), «электронды оқыту», «электронды білім беру» («e-learning», «e-teaching»), виртуалды білім беру («virtual learning»), «онлайн сабақ/дәріс» ұғымдары кең қолданыс тапқаны белгілі.

Компьютерлік лингводидактика тарихына келер болсақ, зерттеуші ғалым М.Варшавский бұл саланың дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырған [7, 14]:

Бихевиоризм кезеңі (1950-1970 жж.) – бақылау-жаттықтыру бағдарламаларының қолданылуы;

Коммуникативті (1970-1980 жж.) – ойын арқылы оқыту және қолданбалы бағдарламалардың басты назарда болуы;

Интегралды (1980-жылдардан қазіргі кезге дейін) – компьютер арқылы коммуникация, гипермедиа құралдарын пайдалануға негізделуі

Бірақ кейінгі ғалымдар бұл бөліністі дәстүрлі және заманауи деп екі кезеңде алып қарайды [8, 15].

Алғашқы кезеңі, дәстүрлі кезеңде оқу процесінің жекеленуі (индивидуализация процесса обучения) және оқушылардың тілдік күзіреттіліктерімен жұмыс жасау мүмкіндігі басты назарға алынды. Білім беруде оқу бағдарламалық құралдарының сапалы жасалуынан бастап, компьютерлік технологиялар арқылы коммуникативті дағдыларды игеру мәселесі қаралды. Тілдің лексикасы мен грамматикасын меңгертуде тілді жаттықтыру, оқыту («tutorial» / «drill and practice») бағдарламалары мысал. Сонымен бірге мәтінді редакциялау, орфографиясын тексеру қызметтері (мәселен, Microsoft Office Word бағдарламасының бір өзінің бойынан осы қызметтерді көреміз), электронды сөздік (бір тілден екінші бір тілге аудару сөздіктері), содай-ақ конкорданс (үлкен көлемді мәтіндерді талдайтын бағдарлама), электронды кесте, энциклопедия, мұрағат (архив), ойын қосымшалары жән т.б. түрлі қолданбалы бағдарламалармен тікелей байланыста жұмыс атқарады. Бұл кезеңде Microsoft Office Word, Excel, PowerPoint бағдарламаларының шығуы үлкен жаңалық болды. Тіпті, жыл сайын жаңа өзгерістермен толықтырылған, жаңартылған үлгілері бүгін де қызу қолданыста. Екінші кезең 90-жылдардан, тіл үйрену процесінде компьютердің техникалық мүмкіншілік сапасының артып, телекоммуникациялық технологиялардың кең түрде тарала бастаған кезіне сәйкес келді. Бейне, дауыс, сөйлеу

дыбысын жазу және қосуды іске асыратын мультимедиа құралдары, CD-ROM, DVD, гипертекст, гипермедиа сияқты бұл телекоммуникациялық технологиялар оқу, жазу, дыбыстау, аудио жазу бағдарламаларымен қоса, сөйлесу, интонация, дыбысталған сөйленісті тексеру дағдыларын жүзеге асырды. Оған Білім беруді ақпараттандырудың педагогикалық технологиялар орталығының (БАПТО) электрондық оқулықтары мысал болса, қазіргі кезде де қазақ тілінен Дәулетбекова Ж, Г.Қосымованың авторлығымен 2017 жылы

«Атамұра» бапасынан шыққан оқулық ұнтаспалары сияқты мектеп оқулықтарының аудио дискілерін айтуға болады.

Сонымен бірге жоғарыда аталғандарға мысал ретінде бүгінгі таңда жасалып жатқан тіл үйренуде «Soyle.kz», «Tilqural.kz» палтформаларын, білім беруде «Bilimland» сайты сияқты жаңадан құрастылып жатқан «Top IQ» цифрлық платформасын ерекше атауға болады. Геймификация (ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі) элементтері бар сабақтар, бейнероликтер, суреттер, аудиофайлдар, чаттарда тілдесу қызметтері бар бұл мультимедиалық құралдар арқылы кез келген уақытта аудио-видео сабақтарын көруге, сөздік карточкалары арқылы жаңа сөздер үйренуге, өзін-өзі тексеру үшін тест, жаттығу тапсырмаларын орындауға болады. Сондай-ақ мобильді қосымшалары да бар [9].

Ақпараттық технологияның қарыштап дамып жатқан заманында түрлі инновациялық әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабына айналды. Оқытуда компьютерлік бағдарламаларды қолдану оқушының да қызығушылығын арттырып, ойлау, есте сақтау, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға пайдасы зор. Жаңа технология, компьютермен жабдықталған мектеп, ЖОО-да оқушы-студенттерге сабақ барысында «Canva», «Prezi», «Nearpod», «Emaze», «Buncee», «Edpuzzle», «Mentimeter» атты онлайн интерактивті презентацияларды қолдану өте тиімді. Мәтін, дыбыс, бейне жазбаларын енгізуге болатын бұл бағдарламалар арқылы тақырыпқа сай фильмдерден үзінді беріп, сол арқылы шәкірттің санасына жаңа тақырыпты меңгертуге қол жеткізуге болады. Онлайн, жалпыға бөлісу арқылы, такта ретінде қолданып, лекция барысында бірден тірек-сызба, сызба, кесте, суреттер салып, пікір алмасу, ой бөлісуге, топтық жұмыстар жасауға қолайлы. «Mindmap», «Miro», «Padlet» такталары арқылы менталды карта жасатып, оқушы-студентпен арада кері байланыс жүргізуге болса, тақырыпты меңгеру, білім деңгейлерін тексеруде «Quizizz», «Kahoot», «Quizlet», «Grammar Test», «Plickers», «Wordwall» қосымшаларымен тест, жаттығу, практикалық тапсырмалар жасату арқылы анықтауға болады. Бұл заманауи технологиялардың пайдалану тиімділігінің айқын көрсеткіші.

Компьютерлік бағдарламалардың қолданысы, әсіресе, әлемдік пандемия кезіндегі қашықтан оқыту, онлайн дәрістер жүргізу барысында артқаны белгілі. Ғаламтор желісінде Skype, Zoom, Webex, Google Meet платформаларымен виртуалды кездесу, бейнеконференциялар өткізіліп, дискуссиялар да жүргізілді. Бұл да инновациялық технологияның бір



көрінісі болып табылады [9].

Қазақ тілі грамматикасын оқытуда осыған дейін қолданыста жүрген көптеген әдіс-тәсілдерді айтуға болады, дегенмен біздің басты қарастырар әдісіміз – подкаст жүйесін құру болғандықтан, осы әдістің түрінен бастап қарастыралық:

Подкаст жасауға арналған 5 сервис түрі бар екендігін қарастырдық. Подкастар алғаш 1990-жылдары шыққанымен, қазір қайта жанданып келеді. Бұл негізінен адамдар мобильдік құрылғыларды көбірек қолдануымен байланысты болып отыр [10]. Оның мысалы Чикаго қоғамдық радиосы (WBEZ) былтыр шығарған Serial подкастын атауға болады.

«Подкастар» – әдетте оларды жасаушылардың веб-сайтынан тыңдауға болатын тегін аудиофайлдар, бірақ қолданушылар көбіне олардың мобильдік құрылғыларына көшіріп алып, жүре тыңдағанды ұнатады. Подкастар алуан түрлі тақырыптарға арналады, оның ішінде журналистика, БАҚ, тіл сабақтарында [10].

Подкаст – бұл жүктеп алуға, онлайн тыңдауға болатын сериалдар, блогтар, аудиoproграммалар. Мұны аудио форматтағы You Tube не Netflix деп айтуға болады. «Подкаст - көліктегі серігіңіз» деген анықтамалар да кездеседі. Радиодан ең бірінші артықшылығы – кез келген уақытта, кез келген жанрда аудио тыңдау мүмкіндігі [11, 58] (1- кестеде). Bilimal.kz сайтының көрсетуі бойынша, төменде берілген П.В. Сыроевтің кестесінде подкаст арқылы оқушылардың тапсырмаларды жүзеге асыру реті берілген. 7-8 сыныптарға арналған бағдарламада оқушылар 10 түрлі қадамдармен сабақ кезеңдерін өткереді.

Кесте - 1.

Подкастты дидактикалық материал түрінде қолдану кезеңдері

<b>I. БЕКІТУ КЕЗЕҢІ (УСТАНОВОЧНЫЙ)</b>	
<b>1-қадам.</b> Жұмысты бекіту және жоспарлау. Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді. 7-8 сынып оқушылары подкасты желіге орналастыру платформасын және олардың желідегі іс-әрекетін, сонымен қатар оқу үдерісіндегі бағалау өлшемімен таныстырады.	
Мұғалім	Оқушы
-оқу қызметінің неден тұратынын түсіндіреді;	
-соңғы нәтиже қалай болатынын болжайды;	Ұйымдастыруға қатысты сұрақтар қояды.

-өзге оқушыларды және өзін-өзі бағалау өлшемдерімен таныстырады;	
Алгоритм әрекетімен таныстырады.	
2-қадам. Подкасты серверде орналастыру ережесімен, интернет-пікірталас ұйымдастыру үшін түсініктеме беру ережесімен таныстыру	
Мұғалім	Оқушы
-интернеттегі грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сайты береді;	-интернеттегі грамматиканы оқытатын подкаст қызметінің ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сайты алады;
-оқушыларды тіркейді	-подкаст қызметінде тіркеледі;
- оқушыларға ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сервисінде подкасты орналастыру жолын түсіндіреді;	- ( <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> ) сайтында аудио және видеофайлдарды орналастыру ережелерімен танысады;
-оқушыларға микроблогта орналастыру ережесін түсіндіреді.	- микроблогта орналастыру ережесін түсіндіреді.
3-қадам. Мұғалім оқушылар үшін белгілі бір тақырып бойынша подкаст парақшасын ашады. <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> әлеуметтік желісін пайдалана отырып, мұғалім өз тобы үшін жеке парақша ашады. Осы ашқан бетке сайтқа кірушілерге тапсырмалар береді. Мысалы, қазақ тілі сабағындағы «грамматика» тақырыбы және оның құрушысы жазылады. Онда мұғалім 1-2 минуттық подкаст құрып, жаңа сабақты түсіндіргені дұрыс.	
Мұғалім	Оқушы
- подкаст сервисіндегі сайтқа бір подкаст құрады және орналастырады;	Көреді, есте сақтайды, сұрақтар қояды.
-оқушылардың өз подкастын құратын тақырыбын белгілейді;	
- подкаст көлемін анықтайды;	

<p>- бір-бірінің подкаст құру әрекетін талқылау қайда, қалай өтетінін түсіндіреді.</p>	
<p><b>II. ІС-ӘРЕКЕТ КЕЗЕҢІ (ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ)</b></p>	
<p><b>5-қадам.</b> Тақырып таңдау және подкаст мәтінін құру. Оқушыларға грамматикалық тапсырмалар (подкаст) дайындау ұсынылады. Іздену жұмыстарының алдында әрбір оқушы өзін таныстырады, жасын айтады, тұрғылықты жері мен оқитын мектебін таныстырады. Одан соң подкаст таңдаған тақырыбы бойынша жалғасады. Осы қадамды жасау барысында оқушылар грамматикалық ережелерді меңгереді: мақсатына қарай жұрнақ пен жалғауларды ажырату жұмыстарын жасайды. Мұғалім оқушыға грамматика-лексикалық тұрғыдан сауатты мәтін талдау ережелерін нұсқауы қажет. Кейін подкаст, сервисіне салып, ары қарай талқылауға ұсынады.</p>	
<p>Мұғалім</p>	<p>Оқушы</p>
<p>- оқушылардың өзіндік жұмыстарына мониторинг жасайды -оқушылардың подкаст мәтінін түзетеді</p>	<p>- подкаст мәтінін құрады; - кемшіліктерін қарайды, салыстырады.</p>
<p>Мұғалім</p>	<p>Оқушы</p>
<p><b>6-қадам.</b> Подкастқа жазу. (<a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a>) сервисіндегі қолжетімді желіні қамтамасыз ететін бағдаламаны пайдалана отырып, оқушылар сөйлер сөзін жазады. Желілік бағдарлама оқушының сөйлеген сөзін сапалы болғанша жаза беруіне мүмкіндік береді. Подкаст сонда ғана желіде сақталып, жобаға қатысушыларға қолжетімді болады.</p>	
<p>интернеттегі <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисінде подкасты орналастыруын бақылайды;</p>	<p>- интернеттегі өздерінің подкастын <a href="http://www.podomatic.com">www.podomatic.com</a> сервисінде жазады, орналастырады.</p>

<p><b>7-қадам.</b> Оқушылардың подкастын көру (тыңдау). Әрбір оқушының жасаған подкастын тобы мен сыныптан тыс уақытта мұқият тыңдауы, қарауы керек.</p>	
Мұғалім	Оқушы
- оқушылардың өз тобымен жасаған подкастымен танысуын (тыңдау, қарау) қадағалайды;	- өз тобының жасаған подкасымен танысады.
<p><b>8-қадам.</b> Подкасты желіде талқылау. Әрбір оқушының подкастын тыңдап болған соң, барлығына подкасты желіде талқылауға қатысу ұсынылады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
-оқушылардың әрбір подкастқа түсініктеме жазуын қадағалайды;	- микроблоктағы подкаст парақшасына әрбір подкастқа түсініктеме жазады.
<p><b>9-қадам.</b> Желіде подкасты талқылаған соң оқушыларды аудиторияға шақырып, жалпы пікірталасқа қатысып, ұнаған подкасы туралы талдау жасауы ұсынылады.</p>	
Мұғалім	Оқушы
-оқушыларға подкасты топпен талқылауды ұсынады.	- ең жақсы подкасты талқылайды.
<p><b>БАҒАЛАУ КЕЗЕҢІ (ОЦЕНОЧНЫЙ)</b></p> <p><b>10- қадам.</b> Өзін-өзі бағалау.</p> <p><b>11- қадам.</b> Мұғалімнің бағалауы.</p>	

*(Кесте П.В. Сыроевтің «Подкасты в обучении иностранному языку» мақаласынан қазақшаға аударылған нұсқасы.)*

**Қорытынды.**

Компьютерлік лингводидактика жаңа сала болғандықтан, отандық ғалымдарымыздың тарапынан зерттеуді аса қажет етеді. Қазір тіл үйрену

болсын, білім беру, оқу-оқыту саласында мультимедиалық технологиялар кең түрде қолданылады. Бір мезетте мәтін, дыбыс, графика, бейнекөрініс, анимациямен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік беретін компьютерлік технологиялардың рөлі ерекше.

Тіл меңгеруде сөйлеу, дыбыстауға арналып жасалған арнайы комплексті электронды оқулықтарға қойылар лингвометодикалық талаптар да бір бөлек. Мұндай мультимедиалық құралдар көрнекілік жағынан ғана емес, қолданушының ақпаратты есте сақтау, түсіну, оны көз алдына келтіріп елестету арқылы қабылдау сынды әрекеттеріне пайдалы. Сол себепті де бұл технологиялар қазіргі білім беру процесінің бөлінбес бөлшегіне айналған. ЖОО-дан бөлек мектептерде де жаппай қолданылу белең алууда.

Тіл үйрену, білім берудегі жаңа ақпараттық технологиялар өзінің жаңашылдығымен, интербелсенді, мульти-гипермедиалық, мобильді, көп функциялы қасиеттерімен, қашықтан қолдану қолжетімділігімен маңызы жоғары. Қазіргі инновациялық заманда компьютерлік лингводидактика мәселелері өзекті бола бермек әрі шетелдік ғалымдар тарапынан да, өзіміздің зерттеушілеріміздің тарапынан да талай жан-жақты зерттеуді қажет ететіні белгілі

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Акимова И. И. О соотношении методики и лингводидактики и необходимости национально-ориентированных грамматических описаний русского языка как иностранного / И.И.Акимова // Вестн. Санкт-Петербургского ун-та. МВД России. Сер. Филологические науки. – 2018. – Вып. #7(73)
- 2 Бектұрғанова Ж. Компьютерлік лингводидактика және оның өзекті мәселелері // Ұлағат: Респ.ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым. – Алматы, 2011. – 3 маусым
- 3 Гарцов А.Д. Компьютерная лингводидактика: цели и задачи // Вестник РУДН. – Серия: «Вопросы образования: языки специальности». – 2007. – #2, М.:РУДН, 2007
- 4 Веретенникова В.П. Компьютерная лингводидактика в обучении иностранным языкам / В.П.Веретенникова // Педагогические науки. Современные методы преподавания. – 2017. 55б.
- 5 Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты // <https://tilalemi.kz/article/30> 2020.04.05.
- 6 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика мен фонетика). Алматы, 1995.
- 7 Болғанбаев Ә. «Қазақ тілінің лексикологиясы», -Алматы, 1991 ж.
- 8 Уәлиев Н. Фразеологизм және норма. Алматы, 1998 жыл. 458б.
- 9 Қайдаров Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998 ж. 991б.

- 10 Дүйсебаева Д. Қазіргі қазақ тілі (лексикология), оқу қолданбалы материалы. Ташкент, 2008. 48б.
- 11 Медешова А. Оқу ақпаратын ақпараттық технология жағдайында меңгеру // 2005-65б.

### **References**

1. Akimova İ. İ. O sootnoşenii metodiki i lingvodidaktiki i neobhodimosti nasyonälno-orientirovannyh gramaticheskikh opisani ruskogo iazyka kak inostrannogo / İ.İ.Akimova // Vestn. Sankt-Peterburgskogo un-ta. MVD Rosii. Ser. Filologicheskie nauki. – 2018. – Vyp. #7(73)
2. Bektürғанова J. Көмпүтерлік lingvodidaktika және onyñ özekti мәseleleri // Ұлағат: Resp.ғyлыми-психологиялық және педагогикалық басылым. – Алматы, 2011. – 3 маусым
3. Garsov A.D. Көмпүтернаia lingvodidaktika: seli i zadachi // Vestnik RUDN. – Seria: «Voprosy obrazovani: iazyki ispesiälñöst». – 2007. – #2, M.:RUDN, 2007
4. Veretennikova V.P. Көмпүтернаia lingvodidaktika v obuchenii inostrannym iazykam / V.P.Veretennikova // Pedagogicheskie nauki. Sovremennye metody prepodavania. – 2017. 55b.
5. Qazaq tilin oqytudyñ kognitivtı baғыty // <https://tilalemi.kz/article/302020.04.05>.
6. Кеңесбаев I., Мүсәбаев Ǵ. Qazırғы qazaq tılı (leksika men fonetika). Алматы, 1995.
7. Bolғанbaev Ä. «Qazaq tılınıñ leksikologiasy», -Almaty, 1991 j.
8. Uäliev N. Frazеologizm және norma. Almaty, 1998 jyl. 458b.
9. Qaidarov Ä. Qazaq tılınıñ özekti мәseleleri. Almaty, 1998 j. 991b.
- 10.10 Dүйsebaeva D. Qazırғы qazaq tılı (leksikologia), oqu qoldanbaly materialy. Taşkent, 2008. 48b.
11. Medeşova A. Oqu aqparatyn aqparattyq tehnologia jaғдайында меңгеру // 2005-65b.

*Sharipbekova D<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

\*e-mail: [211301002@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301002@stu.sdu.edu.kz)

### **COMPUTER LINGUISTICS: RESEARCH AND KEY CONCEPTS**

**Abstract.** The article deals with the current status of the introduction of computer technologies into the language learning process. Along with the theoretical identification of the emergence of a new direction in applied

linguistics, computational linguistics, the need to create artificial intelligence systems, artificial language models, is put forward. While natural languages, which have emerged as a historical system, serve the communication of humans, artificial language also wants to prove that it was created for the relationship between human-machine, machine-machine, machine-human. Based on the methodological experiments, it is proved that without linguistics it is impossible to improve an artificial language as well as to create a system of human-computer communication in natural language in order to increase the efficiency of a human-machine complex.

**Keywords:** computational linguistics, information technology, computer, pedagogy, training

*Шарипбекова Д.Т.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен, Казахстан

\*e-mail: [211301002@stu.sdu.edu.kz](mailto:211301002@stu.sdu.edu.kz)

## **КОМПЬЮТЕРНАЯ ЛИНГВИСТИКА: ИССЛЕДОВАНИЕ И ОСНОВНЫЕ ПОНЯТИЯ**

**Аннотация.** В статье предусматривается изучение современного состояния внедрения компьютерных технологий в процесс обучения языку. Наряду с теоретическим выявлением возникновения нового направления в прикладном языкознании-компьютерной лингвистики, выдвигается необходимость создания систем искусственного интеллекта, моделей искусственных языков. В то время как естественные языки, сформированные как историческая система, служат общению людей, искусственный язык также хочет доказать, что он создан для отношений человек-машина, машина-машина, машина-человек. На основе методических опытов доказывается, что без лингвистической науки невозможно совершенствование искусственного языка, а также создание системы общения человека с компьютером на естественном языке, повышение эффективности деятельности сложного человеко-машинного комплекса.

**Ключевые слова:** компьютерная лингвистика, информационные технологии, компьютер, педагогика, обучение

*Келін түсті 20 Ақпан 2023*